



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2018 жылғы 12 желтоқсаны

№ 341/42-VI

Астана қаласы

город Астана

**Азаматтардың жекелеген санаттарына
амбулаториялық емдеу кезінде
тегін және жеңілдікті шарттармен
дәрілік заттарды, бейімделген емдік
өнімдерді, медициналық бұйымдарды
қосымша беру туралы**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексінің 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру тізбесі бекітілсін.

2. Астана қаласы мәслихатының шешімдері күшін жойды деп танылсын: 2017 жылғы 20 шілдедегі № 170/21- VI «Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық мақсаттағы бұйымдарды қосымша беру туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2017 жылғы 9 тамызда № 1123 болып тіркелген, 2017 жылғы 12 тамызда «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған);

2018 жылғы 28 маусымдағы № 284/34-VI «Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық мақсаттағы бұйымдарды қосымша беру туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 170/21- IV шешіміне толықтырулар енгізу туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде 2018 жылғы 12 шілдегі № 1183 болып тіркелген, 2018 жылғы 14 шілдегі «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Астана қаласы мәслихат
сессиясының төрағасы**

Е. Сыдықов

**Астана қаласы
мәслихатының хатшысы**

Ж. Нұрпейісов

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 22.02.2019
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 2-1-1204 болып енгізілді

Результаты согласования

Аппарат маслихата города Астаны - Руководитель отдела организационно - административной работы Кумар Сабитовна Тулешова, 15.02.2019 18:20:35, положительный результат проверки ЭЦП

Аппарат маслихата города Астаны - Секретарь маслихата Жанат Газизович Нурпейсов, 15.02.2019 18:28:19, положительный результат проверки ЭЦП

Аппарат маслихата города Астаны - Председатель сессии маслихата города Астаны Ерлан Батташевич Сыдықов, 15.02.2019 18:30:22, положительный результат проверки ЭЦП

Департамент юстиции города Астана - Руководитель Департамента юстиции г.Астана Алан Тулебаевич Тленчиев, 19.02.2019 18:22:03, положительный результат проверки ЭЦП

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 2-1-1204 болып енгізілді

ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 23.02.2019.

Астана қаласы мәслихатының
2018 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 341/42-VI шешімімен
бекітілген

Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу
кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген
емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру
тізбесі

Р/с №	Ауру	Халық санаты	Дәрілік заттарды тағайындау көрсеткіші (дәрежесі, сатысы, ауырығымы)	Дәрілік заттардың атауы (шығару нысаны)
1	2	3	4	5
1.	Муковисцидоз	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Тобрамицин, ұнтақ, ингаляцияға арналған ерітінді Натрий колиместаты, ингаляцияға арналған ұнтақ Урсодезоксихол қышқылы, капсула Бейімделген емдік өнімдер
2.	Бастапқы өкпелік гипертензия Туа біткен жүрек ақауы кезіндегі Эйзенменгер синдромы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Бозентан, таблетка Силденафил, таблетка Илопрост, ингаляцияға арналған ерітінді
3.	Драве синдромы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Стирипентол, капсула
4.	Қалқанша безінің медулярлық ісігі	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Вандетаниб, таблетка

1	2	3	4	5
5.	Ниман-Пик ауруы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Миглустат, капсула
6.	Шорбуындаушы спондилоартрит	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыдағы	Инфликсимаб, инъекцияға арналған ұнтақ
7.	Ювенильді идиопатиялық артрит, жүйелік нұсқасы	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыдағы	Тоцилизумаб, инъекцияға арналған ұнтақ
				Адалимумаб, инъекцияға арналған ұнтақ
8.	Буллезді эпидермолиз	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері	Медициналық бұйымдар
				Бейімделген емдік өнімдер
9.	Идиопатиялық өкпе фиброзы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері	Пирфенидон, капсула
10.	Өкпенің бронхоөкпелік дисплазиясы	1 жасқа дейінгі балалар	1000 г дейінгі салмақпен өте шала туған нәрестелер	Паливизумаб, ерітінді дайындауға арналған ұнтақ, инъекцияға арналған ерітінді
11.	Алғашқы глаукома, басқа көз аурулары салдарынан туындаған екінші глаукома	Астана қаласында кем дегенде бір жыл диспансерлік есепте тұрған азаматтардың	Дәстүрлі емдеуге толық жауап бермейтін белсенді сатыдағы	Бринзоламид, көзге арналған тамшылар
				Тимолол, көзге арналған тамшылар

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 2-1-1204 болып енгізілді

1	2	3	4	5
		барлық санаттары		Травопрост+малеат тимололы, көзге арналған тамшылар
12.	Бронх демікпесі	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Жеке көтералмаушылық жағдайында	Серетид (сальметерол + флутиказона пропионат), ингаляцияларға арналған аэрозоль
13.	Артериялық гипертензия	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Жеке көтералмаушылық жағдайында	Ванатекс (валсартан), таблетка
14.	Сүт безінің қатерлі ісігі	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыдағы	Палбоциклиб, капсула
15.	Латеральды (жанармай) аммиотрофиялық склероз	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері	Рилузол, таблетка
16.	Гормональды контрацепция	Ауыр экстрагениталды аурулары бар әйелдер	Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері	Этинилэстрадиол + дроспиренон таблеткасы,
		Жүктілікке қарсы аурулары бар әйелдер		Дезогестрел таблетка,
		Бала туу жастағы барлық әйелдердің әлеуметтік осал топтары		Этинилэстрадиол + левоноргестрель, таблетка, драже Медициналық бұйымдар
17.	Созылмалы жүрек	Диспансерлік есепте тұрған	Көмекші құралдарды	Медициналық бұйымдар

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 2-1-1204 болып енгізілді

	жеткіліксіздігі	ересек адамдар	имплантациялау, жасанды жүрек пен жүректі трансплантациялау	
--	-----------------	----------------	--	--

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
_____ облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 22.02.2019
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 2-1-1204 болып енгізілді

Результаты согласования

Аппарат маслихата города Астаны - Руководитель отдела организационно - административной работы Кумар Сабитовна Түлешова, 15.02.2019 18:20:35, положительный результат проверки ЭЦП
Аппарат маслихата города Астаны - Секретарь маслихата Жанат Газизович Нурпиисов, 15.02.2019 18:28:19, положительный результат проверки ЭЦП
Аппарат маслихата города Астаны - Председатель сессии маслихата города Астаны Ерлан Батташевич Сыдыков, 15.02.2019 18:30:22, положительный результат проверки ЭЦП
Департамент юстиции города Астана - Руководитель Департамента юстиции г.Астана Алан Түлебаевич Тленчиев, 19.02.2019 18:22:03, положительный результат проверки ЭЦП

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 2-1-1204 болып енгізілді